МҰНАЙШЫЛАР ТАҒЫ ДА КӨМЕККЕ КЕЛДІ



4

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АСЫЛЫ



Жолдасқали Ахметұлы Досмұхамбетовтың 105 жылдығына орай

5

К 50-ЛЕТИЮ БУРБ




6-7



# Ембі тынысы

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

№14 (78)
ҚЫРКҮЙЕК
2021 жыл


**БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:**
Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

# ЕҢБЕК ЕЛЕНУІМЕН ҚҰНДЫ



«Ембімұнайгаз» АҚ мәжіліс залында ҚР мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай салтанатты жиын өтті. Карантин талаптары сақталып, ұйымдастырылған мерекелік шараға ЕМГ бас кеңсесі қызметкерлері және өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің жұмысшылары қатысты.

Шара басталмас бұрын жиынға қатысушылар «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы бас кеңсесімен бейнеконференциялық байланысқа қосылды.

Ембілік мұнайшыларды Ұлттық компанияның Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев құттықтады.

Салтанатты жиын барысында мұнай-газ саласын дамытуға қосқан үлесі және жоғары өндірістік көрсеткіштері үшін «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ № 1 «Қосшағыл» мұнай және газ өндіру цехының Ақінген кен орны мұнай және газ өндіру бригадасының операторы Құттымұрат УМИРЗАХОВ «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының Құрмет грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Доссордағы мұнай дайындау және айдау цехы Алтыкөл МДА бригадасының технологиялық сорап машинисі Досберген САҒЫНҒАЛИЕВ «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасына ие болды. Марапаттарды жұмысшыларға ЕМГ басшысы Е.Қайыржан табыс етті.

(Толығырақ 3-бетте)

# ҚМГ мен ТШО Қазақстандағы алғашқы газ-химия кешеніне пропан жеткізу жөнінде келісті

**Қыркүйектің 10-ы күні «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының мұнай өңдеу және мұнай химиясы жөніндегі орынбасары, «KPI Inc.» ЖШС Басқарма төрағасы Данияр Тиесов және «Теңізшевройл» ЖШС Бас директоры Кевин Лайон Қарабатандағы полипропилен өндіретін зауытқа Теңіз кен орнынан пропан жеткізу туралы келісімшартқа отырды.**



Келісімшартқа қол қою рәсіміне «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев және Chevron корпорациясының Еуразиялық бизнес бөлімшесінің басқарушы директоры Джон Балтц қатысты.

Еске сала кетейік, егемен еліміздің ең ірі жобалардың бірі болып табылатын зауыттың құрылысы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен басталған болатын. Қазіргі уақытта зауыт 90%-ға дайын. Үстіміздегі жылдың соңына дейін құрылыс аяқталады деп жоспарланып отыр.

Қол қойылған құжатқа сәйкес «Теңізшевройл» ЖШС полипропилен өндіретін зауытқа шикізат жеткізіп тұрады. Оның көлемі жыл сайын 550 мың тонна пропан фракциясын құрайды. Ал газ жеткізу теміржол арқылы жүзеге асырылады. Зауытта шикізат пропанды сутексіздендіру қондырғысында пропилен шығара отырып өңделеді, одан кейін полимеризациялау қондырғысында дайын өнім – түйіршіктелген полипропилен алынады.

«Теңіз кен орнынан пропан алу – бұл ел экономикасы үшін маңызды жобаны іске асырудың басты мәселесі. Биылдың өзінде салынып жатқан газ-химиялық кешен шикізаттың алғашқы партиясын қабылдап алады. Заманауи зауыттың құрылысы аяқталуға жақын қалды. 2022 жылдың бірінші тоқсанында біз іске қосу мен реттеу жұмыстарын бастауды жоспарлап отырмыз. ҚМГ және ТШО компаниялары он жылдан бері тығыз жұмыс істеп келеді. Бүгін қол қойылған құжат ұзақ мерзімді әрі тұрақты серіктестігімізді одан әрі жалғастыратынымыздың айқын дәлелі болып табылады», – деп атап өтті Алик Айдарбаев.

Теңізшевройлдың бас директоры Кевин Лайон: «Бұл Қазақстан мұнай-химия саласын қолдау жөніндегі біздің бірлескен күш-жігерімізді нығайтуға қызмет ететін ТШО мен ҚМГ арасындағы серіктестіктің маңызды кезеңі. Біз, тшолықтар, Қазақстанның мұнай-химия саласының болашағына сеніммен қараймыз. Елдің өндірістік және экономикалық дамуына одан әрі ықпал ететін жобалар бойынша Энергетика министрлігімен және ҚМГ-мен тығыз ынтымақтастықта жұмысымызды жалғастыратын боламыз» деді.

Полипропилен өндіретін зауыт Қазақстандағы толығымен цифрланған алғашқы кәсіпорын болуға тиісті. Бұл зауыттағы барлық процесті Атырау қаласынан қашықтықтан басқаруға мүмкіндік береді. Барлық физикалық жұмысты роботтар атқарады, ал процесті «ақылды» цифрлық бейнебақылау арқылы операторлар басқаратын болады.

Бұған қоса кәсіпорында су үнемдеу технологияларының пайдаланылатынын атап өткен жөн. Зауытта суды салқындатудың тұйық циклы қолданылады. Яғни, барлық ағын су тазартудан өтіп, зауытқа тұзсыздандырылған, минералсыздандырылған, өртке қарсы пайдаланылатын су түрінде қайтарылады. Бұл жалпы суды пайдалану көлемін едәуір азайтады.

**www.kmg.kz**

---

МАРАПАТ

# АТЫРАУДА МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТТЕЛДІ

**Өткен аптада Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетов өңірдің мұнай-газ кешені қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтады.**





Салтанатты іс-шараға «Ембімұнайгаз» АҚ, «Теңізшевройл» ЖШС, NCOC, «Каспий құбыр консорциумы» АҚ, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» АҚ, «GPC-Investment» ЖШС, «KPI» ЖШС, «Матен Петролеум» АҚ, «Сазанқұрақ» ЖШС сынды компаниялардың басшылары мен өкілдері және ардагер мұнайшылар қатысты.

Атырау облысы әкімінің баспасөз қызметінің мәліметінше, аймақ басшысы Махамбет Досмұхамбетов мұнайдың қара шаңырағы саналатын Атырау өңірінің мұнай-газ саласындағы рөліне тоқталып өтті.

- Мұнай мен газ – Атыраудың ғана емес, тұтас жұртымыздың басты байлығы, алтын қазынасы. Тәуелсіз Қазақстанның қуатты елге айналып, экономикалық әлеуетінің артуында ерекше маңызға ие. Мұнай-газ өндірісі Атырау үшін байырғы кәсіп. Бастауын Қарашұңгілден алатын «қара алтын» өндірісі ғасырдан астам халық игілігі үшін қызмет етуде. Мұнай-газ өндірісі – еліміздің бүгінгі әлеуетін қамтамасыз етіп, болашақ дамуына негіз болып отырған стратегиялық сала. Бұл ретте, Атырау өңірі маңызды рөлге ие екені мәлім, - деп, облыс басшысы саланы дамытуға үлес қосқан ардагерлер мен мұнайшыларға алғысын білдірді.

Облыс әкімінің сөзінше, облыс бойынша мұнай-газ кешені саласында қазір 125 мыңнан астам адам қызмет етуде. Қазір Атыраудың мұнайы әлемнің 19 еліне экспортталуда. Ол сонымен қатар, Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның мұнай-газ саласына шамамен 50 трлн. тенге инвестиция тартылса, соның жартысынан астамы, яғни, 28 трлн. теңгесі Атыраудың еншісінде екенін атап өтті. Тек өткен жылдың өзінде ғана облысымызға 3 трлн. теңгеден астам инвестиция құйылған. Ал, 1991 жылмен салыстырғанда, облыста мұнай өндіру 12 есеге, газ өндіру 35 есеге өскен.

Мұнай компаниялары ел игілігі үшін көптеген игі істер атқарып, өңірдің әлеуметтік инфрқұрылымын дамытуға үлес қосып, олардың демеушілігімен облыста көптеген балабақша, мектеп, емдеу мекемелері мен халыққа аса қажетті әлеуметтік нысандар бой көтеруде.

Салтанатты шарада салада елеулі еңбек етіп жүрген бір топ қызметкерлер түрлі марапаттарға ие болды. Соның ішінде, Ембі өндірісінде 30 жылға жуық уақыт бойы еңбек етіп келе жатқан **«Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы Марат ЕРЖАНОВ пен «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның ұңғыларды жерасты және күрделі жөндеу цехының Шығыс Мақат бригадасының 6 дәрежелі көтергіш машинисі Ерсұлтан ҚОЙШЫҒАРИЕВ** аймақ басшысының қолынан облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Салтанатты іс-шарада ардагер мұнайшыларға да құрмет көрсетіліп, кездесу соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

**Шара барысында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы Алик АЙДАРБАЕВ әріптестерін төл мерекелерімен құттықтады.**

**- Отыз жылда мұнай-газ өнеркәсібі экономиканың қозғаушы күшіне айналды. Осы тұрғыда егемен елімізді дамытуға қазақ мұнайының қара шаңырағы Атырау облысының мұнайшыларының қосқан үлесі сүбелі, - деп атап өтті Алик Айдарбаев.**

**«Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының операторы Марат ЕРЖАНОВ:**

## БҮКІЛ ЕМБІ ҰЖЫМЫНЫҢ МАРАПАТЫ

Кәсіби мерекеге орай облыс басшысы еңбегімізді бағалап, Алғыс хатпен марапаттап, мерейімізді өсірді. Бұл – бүкіл «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ортақ марапаты, ембілік мұнайшылардың еңбегіне берілген оң баға деп білемін. Себебі, Ембінің бүгінгі жетістігі мұнайшы қауымның жанқиярлық еңбегінің арқасы екен даусыз.

Ғұмырымның 30 жылында осы кәсіпорнында еңбек етіп, тәуелсіздігіміздің нығаюына, экономикамыздың дамуына титтей болса да үлес қосқанымды мақтан етемін.

**«Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның ұңғыларды жерасты және күрделі жөндеу цехының Шығыс Мақат бригадасының 6 дәрежелі көтергіш машинисі Ерсұлтан ҚОЙШЫҒАРИЕВ:**

## БАСТЫ МАҚСАТ – АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТУ

Қызығы мен қиындығы мол салаға ғұмырымның 30 жылға жуығын арнап келемін. Бүгінгі марапат – сол жылдар бойғы еңбектің жемісі, мұнайшылардың ауыр еңбегіне көрсетілген құрмет деп санаймын.

Болашақта да жұдырық болып жұмылсақ, алар асуымыз алда екендігіне сенімдімін. Еліміздің, Атырау өңірінің, Ембінің алға қарай да өркендеуі үшін аянбай еңбек етуге дайынбыз.

Мемлекетіміздің тәуелсіздігі жасай берсін. Ел ырысы артып, мұнайымыз көбейе берсін!

**КОМПАНИЯ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

**Жиын барысындағы алғысөзінде «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Жақып МАРАБАЕВ Атырау облысының даму перспективалары туралы айтып, ембіліктерді кәсіби мерекесімен құттықтады:**

# Ембіде Директорлар кеңесінің кезекті отырысы өтті



- Мұнай-газ саласы бюджетке түсетін барлық түсімдердің 40%-ға жуығын қамтамасыз етіп, елдің экономикалық дамуының локомотиві болып қала береді. Отандық мұнай өндірісін дамытудың флагманы Атырау облысы болып табылады. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары аясында ғана өңірге 9,5 трлн. теңге инвестициялар мен бюджет қаражатын тарту жоспарлануда.

Ұлттық компанияның қатысуымен салынатын ірі жобалардың ішінде: арнайы экономикалық аймақта интеграцияланған газ - химия кешенінің құрылысы - полипропилен және полиэтилен өндірісі. Сондай-ақ, арнайы экономикалық аймақта газ бөлу қондырғысы мен этан желісін, бұған қоса, қуаттылығы жылына 190 мың тонна бутадиен каучуктерін шығаратын зауыт салу жоспарлануда.

Мақат ауданындағы Қашаған кен орнында өнімділігі 1,0 млрд. м3 газды кешенді дайындау зауыты салынады. Жыл сайын қосымша 12 млн тонна мұнай өндіруге мүмкіндік беретін «Теңізшевройл» ЖШС Болашақ кеңейту жобасы іске қосуға дайындалуда.

Атырау облысын дамытудың кешенді жоспары аясында алдағы 5 жылға халықты жұмыспен қамтуға, әлеуметтік инфрақұрылым мен экологиялық жағдайды жақсартуға, білім беру, денсаулық сақтау сапасын арттыруға және өңір тұрғындарының экономикасы мен әлеуметтік өміріндегі басқа да маңызды бағыттарға бағытталған 200-ге жуық жоба қарастырылған.

Облыстың дамуына отандық мұнай–газ саласының негізін қалаушы – келер жылы 100 жылдық мерейтойын атап өтетін «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының да өз үлесін қосатыны қуантады. Бүгінгі таңда Ембі Қайыршақты ауылдық округінің қала маңындағы Талқайран ауылында 243,2 гектар аумақты көгалдандыру жобасын іске асыра отырып, Атырау облысының экологиялық проблемаларын шешу бойынша Мемлекеттік Жол картасын іске асыруға белсенді қатысуда. Компания Атырау облыстық әкімдігіне пандемиямен күресу және мұқтаж жандардың әлеуметтік мәселелерін шешу үшін жалпы сомасы 870 млн теңге көлемінде қолдау көрсетті.

Компания ресурстық базаны кеңейту саласында белсенді қызметін жалғастырып жатқанын атап өткім келеді, оның аясында жаңа Қарасор кен орнында барлау бұрғылау жұмыстары басталды.

Сондай-ақ, мемлекет тарапынан газ өндіру үшін қолайлы жағдайлар жасалып жатқанын атап өткен жөн. Өздеріңізге белгілі, Прорва кен орнында 8,6 млрд.м3 көлеміндегі еркін газ сәйкес коммерциялық және қаржылық ұсыныстар түскен жағдайда әзірленуге дайын. Бұл бағыттағы алғашқы қадам жасалынды. Бұл – газ бағасының жаңа формуласы. Аталған мәселе ЕМГ басшылығының ерекше бақылауында болуы тиіс деп есептеймін.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Ембі басшылары атынан барлық ұжымды кәсіби мерекемен құттықтай отырып, қажырлы еңбегі мен қол жеткізген нәтижелері үшін алғыс айтамын, - деп атап өтті Ж.Марабаев.

Директорлар кеңесінің отырысы барысында 2022-2026 жылдарға арналған бизнес-жоспар және 2022 жылғы бюджет жобасы қаралды, ағымдағы жылдың 7 айындағы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштер талқыланды, негізгі тәуекелдер мониторингі бойынша есеп тыңдалды және 2022 жылы ЕМГ-ның 100 жылдығын тойлау бюджетінің жобасы қаралды.



# МАРАПАТ МЕРЕЙДІ ӨСІРЕДІ

**ҚР мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай ембілік мұнайшылар «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Құрмет грамотасымен марапатталды.**

Беделді марапатты «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қанатбек Қасымғалиев ЕМГ мұнай және газ өндіру департаменті мұнай және газ өндіру қызметінің жетекшісі Мейрам АНДИРОВКЕ, аталған департаменттің жетекші механигі Қайрош БУРКУЛОВҚА, өндірістік-техникалық департаментінің директоры Қайсар ТӨЛЕУШОВҚА табыстады.

Жиын барысында ЕМГ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қ.Қасымғалиев, компанияның өндірістік блогының жетекшілері марапат иелерін құттықтап, ізгі лебізін білдірді.

Жиын соңында сөз алған марапат иелері де өздеріне көрсетілген құрметке, Компания басшылығына алғыстарын білдіріп, бұл жетістік – барлық Ембі ұжымының ерен еңбегінің жемісі екендігін атап өтті.

# Еңбек еленуімен құнды

**(Жалғасы. Басы 1-бетте)**

- Кәсіби мереке – мұнайшылардың еңбегіне көрсетілген зор құрметтің белгісі! Сіздер ауыр өнеркәсіптің барлық жауапты кезеңдерінде аянбай еңбек етіп, ел ырысын арттыруға елеулі үлес қосып келесіздер.

Тәуелсіздік алған сәттен бастап ел экономикасы даму кезеңдерінен өтті. Бүгінде еліміздің мұнай-газ саласы экономиканың негізгі қайнар көзі саналып келеді. Мұнайшылар еңбегінің нәтижесін тұтас ел көріп отырғанын зор мақтанышпен айтамыз, - деп **ЕМГ Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН** ембілік мұнайшыларды төл мерекемен құттықтады.






«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының Құрмет грамотасымен «Ембімұнайгаз» АҚ жоспарлау және экономикалық талдау департаменті жоспарлау және талдау қызметінің жетекшісі Әнуарбек НӘУТИЕВ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ ұңғылардың жерасты және күрделі жөндеу цехының бастығының орынбасары Жанқуат НҰРСҰЛТАНОВ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы Әділжан ІЗІМБЕРГЕНОВ марапатталды.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының Құрмет грамотасы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №4 мұнай және газ өндіру цехының мұнай өндіру бригадасының технологиялық сораптар машинисі Тұрлан АЛПЫСБЕСОВКЕ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай және газ өндіру цехының қабат қысымын ұстау бригадасының операторы Алшынбай ИСАИНОВКЕ табысталды. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы Естелік белгісін «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ № 2 «Терең-Өзек» мұнай және газ өндіру цехының № 2 мұнай өндіру бригадасының операторы Жаңыл ӘМІРҒАЛИЕВА, «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының қойма шаруашылығының жүк қармалаушысы Базарбай ЕРІШЕВ тақты. «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ әлеуметтік қамсыздандыру бөлімі бастығы Рая САПАРОВА Атырау облысы мәслихатының Алғыс хатына ие болды.

«Доссормұнайгаз» МГӨБ ұңғылардың жерасты және күрделі жөндеу цехының Шығыс Мақат бригадасының операторы Амангелді БАГИТОВ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнайды дайындап айдау цехының технологиялық сораптар машинисі Манас ҚАНАШОВ, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөліктер колоннасының двигатель жинау слесарі Атабек СӘРСЕНОВ, «Ембімұнайэнерго» басқармасы электр жабдықтарын жөндеу бөлімшесінің электрмашиналарының элементтеріне сым ораушы Гүлжан КАИРОВА, ЕМГ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті еңбек қатынастары және кадр әкімшілігі бөлімінің жетекші маманы Күлән ДАБЫСБАЕВА, «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасымен ЕМГ геология және кен орындарын игеру департаменті МГКО игеру қызметінің жетекшісі Әділ ДӘУЛЕТОВ пен ӨТҚжЖКБ арнайы техника және автокөліктер гаражының жүк тиегіш машинаның жүргізушісі Есенжан ЖАМАЛОВ Компанияның Алғыс хатымен марапатталды.

Бұған қоса, ЕМГ орталық аппараты Кәсіподақ комитетінің төрағасы Болат Нсанбаев құттықтау сөзін сөйлеп, кәсіподақ ұйымының бүгінгі таңда қолға алып отырған іс-шараларының жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқан бірқатар қызметкерге марапат ұсынды.

**МАРАПАТТАРЫҢЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ӘРІПТЕСТЕР!**







# ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН

**Мұнай–газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Ембімұнайгаз» АҚ «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Уаз кен орнында жаңа әлеуметтік нысан - 30 орынды асхана ашылды. Бүгінде кен орнында ауысыммен 15 қызметкер жұмыс істейді.**

Уаз кен орны 15 жыл бұрын сынамалы пайдалануға беріліп берілген. Ашылған сәттен бастап игеріліп жатқан ұңғымалар саны 4-тен 66-ға дейін өсті. Шара барысында «Қайнармұнайгаз» МГӨБ бастығы Қайнар Қоданов атап өткендей, кен алаңының қызметкерлері ағымдағы жылдың 8 айында жоспарды табысты орындады. Биылғы жылы барлығы115 мың тоннадан астам мұнай өндіру жоспарланған.

- Бүгін кәсіби мерекеге орай мұнайшыларымыздың игілігіне кең, жарық, қажетті қондырғылармен жабдықталған жаңа асхананы ашып отырмыз. Компания осылайша жыл сайын жұмысшылардың алаңсыз еңбек етуі және демалуы үшін барлық қажетті жағдайды жасап келеді, - деп атап өтті Қ.Қоданов.

Жаңа нысанның ашылу салтанатына басқарма басшылығы, кәсіподақ комитеті өкілдері, кен орны мұнайшылары қатысты. Керілген лентаны басқарма бастығы Қ. Қоданов пен «Уаз-Қондыбай» мұнай-газ өндіру бөлімше бастығының орынбасары Мейрамбай Ахметов қиды.

- Мен 2003 жылдан бастап Ембі өндірісіндегі еңбек жолымды бастап, Уаз кен орны ашылғаннан бері табан аудармастан осы кеніште еңбек етіп келемін. Кен орнының қалыптасуы және мұнайшыларға жасалып жатқан жағдайлар – бәрі көз алдымда өтуде. Бұл өзгерістерді компанияның қарапайым еңбек адамына жасаған қамқорлығы деп білеміз, - дейді шебердің міндетін атқарушы Талғат Бектілеуов.

- Өндірістен шаршап келгеннен кейін мұнайшы үшін ең бастысы – алдында дәмді және ыссы тағам мен жайлы демалыс орны күтіп тұрса – үлкен қамқорлық. Еңбек және демалыс жағдайларын жасап жатқан «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы басшыларына мұнайшылар атынан алғыс білдіреміз, - дейді мұнай-газ өндіру операторы Ерлан Тәжіғұлов.

Естеріңізге сала кетейік, Уаз кен орнында «Интеллектуалды кен алаңы» жобасы пилотты түрде іске қосылды. ЕМГ-да әзірленген әдістемелер бойынша төмендегі көрсеткіштерді өңдеу және талдау алгоритмдері автоматтандырылды: сұйықтық пен мұнай теңгерімі; мұнай шығындары; ұңғымалардың жұмыс режимдерін оңтайландыру және т. б. 2017 жылдан бастап жоба компанияның басқа кен орындарында таралуда. Жоба «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына енгізілді.




**МЕКТЕПКЕ ЖОЛ**

# МҰНАЙШЫЛАР ТАҒЫ ДА КӨМЕККЕ КЕЛДІ

**Ұйымшылдығымен және игі дәстүрлерімен белгілі «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы аз қамтылған отбасылардың балаларына кезекті рет қолдау көрсетті.**

Бұл жолы ЕМГ Орталық аппаратының қызметкерлері ерікті негізде 500 мың теңгеден астам сомманы жинап, оларға Атырау қаласындағы аз қамтылған көп балалы 6 отбасының 19 баласына жаңа оқу жылына мектеп киімі мен оқу құралдарын сатып алу үшін 30 мың теңгеге сертификаттар табыс етті.

- Жолдасым өмірден өткен соң, 6 баланы жетілдіру үшін бар жігерімді қолға алып келемін. Сондықтан, ембіліктерге ұзақ уақыт онлайн оқудан кейін балаларды мектепке жинау қажет болған қиын кезеңде өте уақытылы көмек көрсеткені үшін алғысымды білдіремін. Ел ырысын молайту жолындағы еңбектеріңізге табыс тілеймін, - деп тілегін білдірді көпбалалы ана Гүлшара Бақтыбаева.

Қайырымдылық көмек көрсеткен ембіліктерге өзге де көпбалалы ана-аналар ризашылықтарын білдірді.

Естеріңізге сала кетейік, осыдан бір апта бұрын ЕМГ ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай жыл сайынғы «Мектепке жол» акциясы мен «Айналайын» қайырымдылық марафоны аясында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған мектеп формасы мен оқу құралдарын сатып алуға жалпы сомасы 112 млн 500 мың теңге қаражат аударған болатын.

ЕМГ бөлген қаражатқа Атырау облысының 7500 баласына сөмкелер мен мектеп формасын және кеңсе тауарларын сатып алу үшін сауда орталықтарына сертификаттар сатып алынды. Олардың 3000-нан астамы қалада тұрады.









# ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АСЫЛЫ

## ЖОЛДАСҚАЛИ АХМЕТҰЛЫ ДОСМҰХАМБЕТОВТЫҢ 105 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

**Халқымызда «Өлі жебемей, тірі байымайды» деген нақыл сөздер бар. Әрбір адам өзінің пешенесіне жазылған қамшының сабындай қысқа өмірінің ішінде елім деп еңіреп, жерім деп тау қопарып, тас қашаса Толағай атанары хақ, өзін-өзі ұлығылап, ел құрметіне бөленері сөзсіз. Ол ерлік еңбектер үлгісін, туған жерімізде мұнай өндірісінің алғашқы «тұсаукесерін» жасаған аға буынның өшпес істерін келер ұрпаққа жеткізу - біздің парызымыз деп есептейміз. Олардың жарқын істері мен еңбек және ерлік дәстүрлері кеңінен насихатталуға тиісті.**

Келесі 2022 жылы қазақ мұнайының қарашаңырағы «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамына 100 жыл толады. Осынау терең тарихта талай-талай тарланбоз саңлақтардың есімдері қалды. Олар Қазақстан мұнай энциклопедиясында лайықты орындарын тапты. Солардың бірі - бірі емес, бірегейі - марқұм Жолдасқали Ахметұлы ДОСМҰХАМБЕТОВ ағамыз екені даусыз. Міне, сол ағамыз, белгілі азамат, қазақ мұнайының ардагері, екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Ленин» ордені, «Октябрь революциясы» ордендерінің иегері, ҚР еңбек сіңірген және КСРО-ның құрметті мұнайшысы, бұл күнде есімі қазақ мұнайының тарихында алтын әріппен жазылған, Лениндік сыйлықтың және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Теңіз кен орнын бірінші ашушы - Жолдасқали Ахметұлы арамызда болса, үстіміздегі 2021 жылдың қыркүйек айының 15 жұлдызында 105 жасқа шығар еді. Соған орай ардагер аға туралы ойымызды ортаға салғанды жөн көрдік.

Жолдасқали Ахметұлы Досмұхамбетов 1916 жылдың қыркүйектің 15 жұлдызында қазіргі Атырау облысы Ракош елді мекенінде дүниеге келген. 1932 жылы Доссор кентінде 7 сыныпты бітірген соң, 1932 - 1934 жылдары Гурьев мұнай техникумында оқып, оны үздік бітіреді. 1934 - 1940 жылдары Мәскеудің академик И.М.Губкин атындағы мұнай институтында оқып, ол оқу орнын да үздік бітіріп, тау кен инженері, әрі геолог мамандығын алып шығады. Оның 40 жылға жуық алғашқы еңбек жолы Байшонас кәсіпшілігінен басталады. 1940 - 1942 жылдары Байшонас кәсіпшілігінің бас геологы, 1942 - 1943 жылдары «Эмбанефть» комбинаты бас геологының орынбасары, 1943 - 1947 жылдары Байшонас кәсіпшілігінің директоры, 1947 - 1950 жылдары «Казмұнайбарлау» трестінің басқарушысы болып жұмыс істейді. Бұдан кейін, 1950 - 1951 жылдары Мақат кенішінің бас геологы болып жұмыс істеп, 1951 - 1953 жылдары КСРО Мұнай өнеркәсібінің Мәскеу академиясында оқып, оны үздік бітіріп шығады. 1953 - 1954 жылдары Құлсары кәсіпшілігінің директоры, 1954 - 1957 жылдары «Қазақстанмұнай» бірлестігінің бас геологы, 1957 - 1971 жылдары «Қазақстанмұнай» бірлестігінің (1965 жылдың қыркүйегінен бастап «Ембімұнай» комбинаты) бастығы болып жемісті еңбек етті. Соңғы, яғни, 1971 - 1977 жылдары бас геолог міндетіне қайтып оралып, «Ембімұнай» өндірістік бірлестігінің бас геологы болып жұмыс жасайды.

Тағдыр ұзақ ғұмыр сыйлауды Жолдасқали ағамыздың пешенесіне жазбаған екен. Пайғамбар жасына жетпей жатып, 61 жасында бақиға аттанды. Пенде ретінде зор еңбек сіңіріп, өшпес із қалдырған ағамыздың өмір жолының қысқа болғанына өкінесің де, ал, оның кәсіби қам-қарекетін естеліктерден оқып, ой елегінен өткізіп сараласақ, бұл пікіріміздің жаңсақтығына көз жеткіземіз.

Небәрі 61 жас ғана жасаған оның тындырған ісін соншалықты қомақты десек, болашаққа жасаған болжамы бірнеше жылға, тіпті ғасырға азық боларлық күрделі дүние екенін көріп, біліп жүрміз.

«Қазақ мұнайының қара шаңырағы» атанған бүгінгі «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамын 1957 - 1971 жылдары тапжылмай 14 жыл бойы басқарып, кейін 1971 - 1977 жылдары осы мекеменің бас геологы болып қызмет жасаған кезеңдерінде Жолдасқали Ахметұлының елімізде мұнай саласының өркендеуіне қосқан үлесі орасан зор. Аталған кезеңде Ембі өңірі мұнай өндіруді анағұрлым ұлғайтып, тарихта қайталанбас із қалдырды. 1957 жылмен салыстырғанда 1971 жылы мұнай өндіру көлемі 1440,0 мың тоннадан 2860,0 мың тоннаға дейін, яғни, 2 есе, ал, 1977 жылы мұнай өндіру көлемі «Ембімұнай» өндірістік бірлестігі бойынша 4117,8 мың тонна деңгейінде болды.

Жер асты байлығын игеруде төменгі мұнай қабаттарымен бірге тұзасты тұнбаларын іздеу-барлау жұмыстарында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді. Каспий ойпатының тұзасты қабатына шабуылдың көшбасында Ж.Досмұхамбетов тұрды, Балықшы барлау-бұрғылау басқармасының негізін өз қолымен құрды.

Жолдасқали Ахметұлы геология мен мұнай өндірісі саласында өте зерек адам болған. Сондай-ақ ғылыми атақ иеленбесе де, өзінің білім деңгейі жағынан геология саласының кейбір ғылым кандидаттары мен докторларынан әлдеқайда жоғары тұрды. Сондықтан да, оны замандастары кезінде «Төбе геолог» деп атаған. Ол өз тұсында мұнайлы Ембіні жаңа кен орындарымен барынша толықтырды. Соның жарқын мысалы - Өзен мен Жетібай, Кеңкияқ пен Прорва, Қарсақ пен Каратон, Теренөзек пен Қара арна, Мартыши мен Камышитовый, Пустынный мен Тәжіғали, Королев пен Огайск, Қошқар мен Мұнайлы, Төлес пен Танатар, Ақтөбе мен Тентексор. Ең соңғы қойған нүктесі - атышулы Теңіз болды, алғашқы ұңғыларын өз қолымен геологиялық картада белгілеп берді.

Қазақстанның аға ұрпақ өкілдері үшін Жолдасқали ағамыздың есімі етене таныс, өйткені, ол – қазақтан шыққан алғашқы геолог, мұнайшы инженерлердің бірі де бірегейі. Халқымыздың «жақсы – ортақ» дегендей, Жолдасқали Ахметұлының көлеңкесі көпке түсті, ешкімді жатқа санамады, осыған орай көптеген кадрлер ол кісіден тәлім-тәрбие алды.

Марқұмның ардақты есімі мезгілінде Одақтың, егеменді еліміздің, облыстың тарихында алтын әріппен жазылды, ілгеріде жазыла бермекші.

Мұнайлы Ембімен Маңғыстаудың ен байлығын игеруде сонау соғыс жылдарынан бермен қарай «Шаң жұтып, мұз жастанып қар төсенген» айтулы азамат Жолдасқали Ахметұлының есімін ембіліктер, маңғыстаулықтар әлі күнге ұмытқан жоқ, ұмытпайды да. Осылардың куәсіндей Жылыой ауданында



мұнайшы-геологтардың ұйғаруымен жаңа мұнай алаңы Досмұхамбетов атымен аталды.

Ол тек жай маман емес, бұл саладағы ғылымға үлкен үлес қосқан байсалды басшы болды. Ол кезінде мұнай өндірудің екінші әдісіне үлкен баға беріп, өндіріске енгізуді бастаушылардың бірі болды. Осы әдіспен Ембі мұнайшылары 70 жылдың ішінде ондаған миллион арзан да сапалы мұнай өндірсе, қазір де күнделікті тәжірибеде шырқау шыңына шығып, қолданбалы ғылым саласына айналып кетті. Мұнай өндірудің әртүрлі қосымша әдістерін: «Екі мұнай қабатын қатар пайдалану», «Суланған ұңғымалардың сұйықтық тартуын молайту», «Терендік насостарының алымдылығы мен ырғалу санын реттеу» сияқты жаңалықтарды айта келіп, бір кеңесте ескі қормен жұмыс істейтін байырғы кен орындарының қайтарымын арттыру, тиімділігін қамтамасыз ету, аз шығын жұмсай отырып, мол өнім өндіру міндеттерін саралап берді.

Жолдасқали ағамыз Мәскеу, Ленинград ғалымдарымен үнемі тығыз байланыста болды, олардың еңбектерін терең зерттеп, үлкен дәрежедегі кеңестерде талқыға салып, қорытып отырды. Ол ғылыми болжамдардың дұрыс екендігін дәлелдеп ғана қоймай, Өзен, Жетібай сияқты кен орындарының ашылуына тікелей үлесін қосты, Лениндік сыйлықтың лауреаты болды.

Айта кетерліктей жәйт, Маңғыстаудан бірінші ашылған кен орнының актісіне қол қоярда өзінің табиғи таланты мен көрегенлігін көрсетіп, ашылғалы тұрған жаңа аланның аты затына сай Өзен болсын деуі осының жарқын мысалы іспетті. Осыдан кейін Жетібай, Теңге, Қарамандыбас кеніштері қатарға қосылып, енді маңғыстаулықтар кезінде Жолдасқали Ахметұлы бастап, қоштаған бағдарламалар бойынша Солтүстік Каспий жағалауы - Адай, Қашағанға болашақта болат бұрғы салуға әзірлене бастады.

Қазақстан жерінде үлкен жаңалықтар әлі алда болатынын уақыт дәлелдеді. 1975 жылдың күз айында «Саратовнефтегеофизика» трестінің мамандары сол кезде «Ембімұнай» бірлестігінде бас геолог болып жұмыс істеп жүрген Жолдасқали Досмұхамбетовке зерттеу нәтижелерін көрсеткені құжаттарда сақталған.

Жолдасқали Досмұхамбетов материалдарды мұқият зерттей отырып, қызметкерлерге: «Бірінші ұңғыма осында болады» деп, сызбада бұрғылау жұмыстары басталатын нүктені белгілеген. Сол кезде-ақ болашақтағы ұңғыма мұнайды телегей теңізден береді деген үмітпен оны Теңіз кен орны деп атауға ұсыныс жасаған болатын. Уақыт өте бұл үміт ақталғанын, барланған кен орындарының ауқымы алға қойылған болжамдардан да асып кеткенін тарихтан білеміз. Амал не, Теңізден фонтан атқанын көре алмады, сұм ажал 1977 жылы оны ортамыздан алып кетті. 1995 жылы сәуір айында республика Министрлер кеңесінің шешімімен ғылым, техника және білім саласындағы еңбегі мен Теңізді алғаш ашқаны үшін Ж.А.Досмұхамбетовке де лауреат атағы берілді.

Енді бір ерен қасиеті - мұнай іздеп табуды өмірдің, ғылымның өскелең талабымен үйлестіре, ұштастыра қарайтындығы еді. Мұнай алаңдарын барлау, бұрғылау және оны өндірудің тиімділігі оның халыққа тигізер пайдасымен өлшенуге тиісті дейтін қағиданы берік ұстаған.

Орынғазы Есқазиев ағамыздың естеліктерінде «Жөкең бастап, Бөкең қоштап» деп айтылған сөздер тек Теңіз кен орны емес, әлеуметтік бағытта да бастаушы бағдарлама болғанын көреміз. Осы айтылғандардың айғағы Прорва кен орны ашылып, мұнайын бере бастаған кезде Ембідегі мұнай кәсіпшіліктерінің басшылары қатыстырылған мәжілісте әр директорға мүмкіндіктеріне қарай 5-10 үйден салуды міндеттеген.

Сөйтіп, Сарықамыс елді мекенінің іргетасы бір жылда қаланған болатын. Мұнда да Жолдасқали ағамыз Прорва мұнайшыларының жағдайын ойлап, сол кездегі Каратон мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы Қ.Оғайдың Прорва жөніндегі орынбасары Әбу Атшыбаевпен ақылдаса отырып, мұнайшылар үшін тұрғызылатын мекенді кәсіпшіліктен 18 шақырым жердегі Сарықамыста салу жөнінде шешім қабылдайды. Өйткені, аталмыш орынның айналасы барып тұрған оазис еді. Ауасы мөп-мөлдір таза, құмайт, шөбі шүйгін, іздесең таппайтын жер болатын. Алайда, жер мен қаржы мәселесін шешу оңай шаруа емес еді. Бұл жерде Ж.Досмұхамбетов Ә.Атшыбаевты сол кездегі облыс басшысы Н.Ондасыновка жұмсап, ол екеуінің арасындағы қағилез қарым-қатынасты Сарықамыстың пайдасына шешеді.

1967 жылы Шевченко қаласында өткен бүкілодақтық мәжілісте жаңадан ашылып, мұнай бере бастаған Өзен мен Жетібайды шапшаң игеру үшін қосымша барлау-бұрғылау қажеттігін, оған Ембіден байырғы бұрғышыларды апару керектігін ұсынып дәлелдеп, ұйымдастырған да Жолдасқали ағамыз еді. Нәтижесінде, атақты бұрғышылар С.Рысқалиев, Қ.Кадыров, Н.Бурлаков, Ғ.Әбдірзақовтар бастаған 10 бригада семьяларымен Ембіден Маңғыстауға көшіп барған еді. Олардың әрқайсысы мұнайлы Ембінің ойы мен қырында әбден өз шеберліктерін шыңдаған маман-бұрғышылар еді. Ежелгі Ембі мұнайшыларының Маңғыстауға қолұшын берген осынау ұрымтал тұсы да жеме-жемге келгенде Жолдасқали Ахметұлының бір ауыз сөзімен тығыз байланысты болды.

